

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының PhD докторанты Сайбекова Назира Усенқызының «6D020500-филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Грамматологиялық парадигма: А.Байтұрсынұлы және қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы» атты диссертациялық жұмысына

ШКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі қазақ тіл білімінде грамматология саласының зерттеу нысаны, бағыттары мен ұғымдары жан жақты қарастырылып, тілдегі грамматикалық категориялардың танымдық қызметі зерттеле бастады. Грамматикалық категориялар сан ғасырлар бойы қазақтың ойлау жүйесі шоғырланған тілдік, менталды категориялар ретінде сараланып, ұлттық грамматикалық жүйе қазақ халқы ой-санасының, дүниетанымының жемісі ретінде қарастырыла бастағаны белгілі. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ грамматологиясының негізін қалаушысы ретіндегі рөлін көрсетуге арналған ізденуші еңбегінде А.Байтұрсынұлының грамматологиялық ілімді қалыптастырудағы рөлі мен маңызы, қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы мен дамуы, қазақ грамматологиясының даму жолдарын зерттеуі диссертацияның басты өзектілігі болып есептеледі. А. Байтұрсынұлының грамматологиялық зерттеулерін талдауы жұмыстың негізгі өзектілігі екені анық.

«Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалары негізінде қазіргі Қазақ елінің мәдени өмірінде рухани өрлеу кезеңі басталды. Диссертациялық зерттеудің тақырып аясы еліміздегі мемлекеттік тілдің дамуына қатысты бағдарламаларға негізделгені және қазіргі әлемдік деңгейдегі ғылыми бағыт-бағдарды назарға ала отырып, қазақ тілінің латын графикасына өтуіне байланысты бағдарламалармен тікелей байланысты екені анық. Диссертация тақырыбының басты өзектілігі грамматология ғылымын А. Байтұрсынұлы есімімен байланысты қарастырып, Ғалым еңбегіндегі басты теориялық қағидаларды айқындағаны деп есептейміз. Диссертация жұмысының жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы бар, қазіргі практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына толық жауап бере алады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Грамматология саласының негізін қалаған А. Байтұрсынұлы еңбегі деп танылғаны және ғалымның басты теориялық қисындары мен ұсынған принциптерінің қазіргі ғылыми зерттеулермен байланыстыра талдануы жұмыстың басты ғылыми нәтижелерін көрсетеді. Диссертант әлемдік тіл білімінде қалыптасқан грамматология теорияларына назар аудара отырып, француз, ағылшын тілдеріндегі теорияларды А. Байтұрсынұлы жасаған грамматологиялық қағидалармен байланыстыра, ұштастыра зерттеген.

Грамматологияның негізгі ұғымдарын зерделеудегі А. Байтұрсынұлының басты ерекшеліктерін айқындаған. Өзге тілдермен салыстырыла-салғастырыла зерттеу нәтижелері теориялық және практикалық тұрғыдан жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізген деп бағалаймыз.

Н. Сайбекова А. Байтұрсынұлының еңбегі мен грамматология пәнін «Әліппе» оқу құралымен байланыстыру арқылы «Әліппе» оқу құралы –нағыз грамматологиялық бағытта жазылған еңбек дей отырып, А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін қалаған грамматолог ғалым деп нақты тұжырым жасайды, өзіндік жаңа ғылыми нәтиже шығарады.

Қазақ әдеби тілінің ғылыми стилі А. Байтұрсынұлының «Тіл құралдан» бастау алады. А. Байтұрсынұлы туған тіліміздің асылдануына және таза қалпында қалуына зор үлес қосты. Шетелдік кірме сөздерді қолданбай, олардың қазақша баламасын тіл заңдылықтарына сәйкестендірген А.Байтұрсынұлы теориялық терминдерді қазақша жатық тілмен ұсынды. А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралы», қазақ тілін ғылыми зерттеу барысында ашқан жаңалықтары, метатіл, терімсөздер қазақ тілінің іргетасын қалады. Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін қарастырған зерттеушілердің басым көбі А. Байтұрсынұлының еңбектерін негізге алғандығы А. Байтұрсынұлының қалдырған мұрасының құнды екендігінің бірден-бір дәлелі» - деп саралайды диссертант.

Диссертанттың диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері жоғары талаптарға сәйкес келеді.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші Н. Сайбекова А. Байтұрсынұлының еңбектеріндегі грамматологиялық қағидаларды жүйелеп, ғалымның қазақ грамматологиясының негізін қалаушы ретіндегі рөлін анықтаған. Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлының ғылыми еңбектеріндегі грамматологиялық теорияларын талдап, әліпби жасаудағы рөлін ашып көрсеткен.

А. Байтұрсынұлының қазақ жазу үлгісінің қалыптасуына қосқан еңбегі тек «Төте жазуды» жазуы ғана емес, ең алдымен қазақ грамматологиясындағы басты қағида саналатын дыбыс пен әріп табиғатын ашып, талдайды. Ғалым еңбектерінде қазақ грамматологиясының негізгі метатілі қалыптасқанын, алғашқы терминдер жасалып, олардың анықтамасы берілгенін ғылыми теориялық тұрғыдан дәлелдейді.

А. Байтұрсынұлы зерттеулеріндегі орфографиялық және орфоэпиялық тұрғыдан сөздердің жазылу ерекшелігі ғылыми тұрғыдан алғаш рет талданған. Ізденуші Н.Сайбекова А.Байтұрсынұлының қазіргі таңда жарияланған еңбектеріндегі 1912 және 1914 жылы Орынбор қаласынан жарық көрген «Әліппе» оқу құралындағы айырмашылықтарды жазумен талдау жасау арқылы көрсете білген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Диссертациялық жұмыста сегіз ғылыми нәтиже көрсетілген. Ұсынылған ғылыми нәтижелердің және қорытындының жаңашылдық деңгейі жоғары деп бағалаймыз. Өйткені, шынында да, А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі грамматологиялық қағидалар бірінші рет жүйеленіп, ғалымның қазақ грамматологиясының негізін қалаушы ретіндегі рөлі анықталып отыр. А.Байтұрсынұлының қазақ жазу үлгісінің қалыптасуына қосқан еңбегі тек «Төте жазуды» жазуы ғана емес, ең алдымен қазақ грамматологиясындағы басты ерекшелікті анықтап, дыбыс пен әріп табиғатын ашып, қазақ жазуының басты сипатын талдап көрсетуі деп жазған нәтижесін де толық қуаттаймыз. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қазақ грамматологиясының негізгі метатілі қалыптасты, алғашқы терминдер жасалып, олардың анықтамасы берілді. Бұған дейінгі жазылған миссионерлер зерттеулерінде қазақ тілінің метатілі қалыптаспаған еді. Диссертант ғылыми тұрғыдан терең зерттеп, ағылшын және француз тілдеріндегі теориялық қисындармен салыстыра зерттеу арқылы А. Байтұрсынұлының еңбегінің маңызын дұрыс айқындаған. Диссертацияда «Төте жазудың» сөйлеу тілін таңбалаудағы маңызы ғылыми тұрғыдан бірінші рет айқындалады. А. Байтұрсынұлы зерттеулерінде орфографиялық және орфоэпиялық тұрғыдан сөздердің жазылу ерекшелігі ғылыми тұрғыдан талданған, алғаш рет ана тіліміздің сауатты төл емлесі жасалғандығын диссертант ғылыми тұрғыдан батыл дәлелдейді.

Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі жоғары деп бағалаймыз.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы

Диссертациялық жұмыста қол жеткізген ғылыми нәтижелер теориялық және практикалық маңызы бар. Қазіргі кезде латын әліпбиіне көшкелі отырған тұста А.Байтұрсынұлының грамматологиялық еңбектеріне деген жаңа ғылыми көзқарастың болуы дұрыс Әліпби қабылдауға және емле-ереже жасауда дұрыс бағыт ұстануға жол ашады. Диссертациялық зерттеуде А. Байтұрсынұлы тек төте жазудың авторы ретінде ғана қарастырылмай, жалпы қазақ грамматологиясының негізін қалаған, грамматологиялық ілімді қалыптастырған көшбасшы ретінде танылады. Мұндай нәтиженің ғылыми маңыздылығы бар жеп есептейміз.

А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ тіліндегі дыбыс пен әріптің табиғаты туралы қағидалар мен дыбыстардың жазылу үлгісі, сөздердің және грамматикалық формалардың жазылу сипаты туралы емлелер күні қазіргі таңда да өзектілігін сақтап отырғаны анық. Қазіргі таңда латынәліпбилі қазақ жазуына көшу кезеңінде А.Байтұрсынұлы жасаған грамматологиялық теория үлкен ғылыми маңызға ие. Сондықтан А.Байтұрсынұлы жасаған төл тіліміздің грамматологиялық теориясын қайтадан терең зерделеу жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығын аңғартады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 16 ғылыми мақалада көрініс тапқан. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған филология сериясы бойынша диссертациялардың негізгі қорытындысын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 3, «ҚазҰПУ Хабаршысы» журналында – 1, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1, халықаралық ғылыми конференция материалдарының арнайы жинақтарында – 10 (оның ішінде 3 шетелдік баспада жарық көрді), республикалық ғылыми-практикалық конференцияда – 1 ғылыми мақала жарияланған.

Соның ішінде «Жазу әлемдік өркениет бесігі». Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршы» журналына № 6 (164) 2016. ККСОН ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы; «А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі дауысты дыбыстар жіктелімі». Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршы» № 2 (170) 2018 ж. Филология сериясы; «The similarities of graphemes in Kazakh and Turkish languages». Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршы». № 1 (173) 2019 ж. Филология сериясы; «The importance of A.Baitursynuly's alphabet». Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы» журналы № 3 (61) 2017. «Филология» ғылымдары сериясы; «A.Baitursynuly and formation of Kazakh writing». Opcion (ISSN10121587-Venezuela-Scopus), журналы №85 (2018); «А.Байтұрсынұлының «Қазақша алифбасындағы» төл дыбыстар табиғаты». «Еуропа мен Азия елдеріндегі заманауи ғылымның даму проблемалары мен келешегі» атты XIV Халықаралық ғылыми-практикалық интернет-конференциясындағы жарияланымдарбар.

Барлық жарияланымдар қойылған талаптарға толық жауап береді.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар

Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуіне байланысты мынадай ұсыныстарымыз бар:


1. Жұмыста аздаған пікір қайталаушылық кездеседі.
2. Диссертациялық жұмыста біршама техникалық қателер кездеседі, мысалы: 1 Тарау тақырыбы (11 бет), бірінші тараудың бірінші тараушасы 1.1. – 15 беттен басталады; әрбір тараудан кейінгі тұжырым, түйін жазылып отырса нұр үстіне нұр болар еді деп есептейміз.

Дей тұрғанмен, бұл ұсыныстар диссертациялық жұмыстың өзектілігі мен ғылыми нәтижелерінің жаңалығына, шынайылығына нұсқан келтірмейді.

8.Диссертация мазұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Н.Сайбекованың «Грамматологиялық парадигма: А.Байтұрсынұлы және қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы» атты 6D020500-Филология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы дәрежені алуға қойылатын талаптарға толықсәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан оның авторы Назира Усенқызы Сайбековаға «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Абай атындағы **Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің** профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы



Малы Р.А.Шаханова